

Тарихи анықтама

Жымпиты ауылы

№ 159

“ 14 ” “ 04 ” 2005 ж

Уәлихан Касмуханов 1921 жылы Батыс Қазақстан облысы Жымпиты ауданы Сарой ауыл советіне қарасты Жетікөл колхозында дүниеге келген. 1930-1940 жылдары Жымпиты орта мектебін ерекше аттестатпен бітірген.

1940 жылдың күзінде СССР-ң Монголия-Манжурия шекарасында әскери борышын өтеп жүргенде, 1941 жылы 22 маусымда соғыс басталды. Уәлихан Касмуханов 1942 жылы қыркүйек айында Горький (Нижний Новгород) қаласындағы артиллерия училищесінде курста оқып, әскери-топограф мамандығын алды.

Курстан кейін Кастрома қаласында орналасқан 3-Ленинград артиллерия училищесіне жіберілді. Алайда, Уәлихан аға өзі сұранып, майданға аттанды. 32-ші дербес атқыштар бригадасында барлаушы болып соғысқа кірісті. Новгород облысының Демьянск, Старая Русса қалаларының ми батпақтарында артиллерист болып көптеген қиындықтардан кейін 1943 жылы Новгород облысын жаудан тазартуға қатысты.

Псков облысынан кейін 1944 жылы Латвия, Литва Республикаларының жерін азат етіп, күзде Неман өзеніне тіреледі. 1945 жылы қаңтардың 20-да мұз үстімен Неманнан өтіп, Шығыс Пруссия жерінде үлкен ұрыспен Велау қаласын алып, 6 сәуірде Кенигсбергі шабуылдауға қатысты.

Осы шайқаста жарақат алып, бір жұма санитарлық бөлімде емделіп, әскери бөлімшесіне қайта оралды. Кенигсберг-Пяллау порты аралығындағы Землянд жарты аралында шоғырланған жаудың үлкен әскери тобына (10 дивизиядай) қарсы операцияға қатысып, ұзыны 30 км, ені 10-15 км ну ағаш өскен, стратегиялық әскери қоймалары орналасқан, мықты бекініс жасалған жер екен. Кенигсберг сияқты үлкен қала 4 күн ішінде алынса, бұл соғыс 14 күнге созылып, 24 сәуірде ғана толық аяқталды.

26 сәуірде Балтық теңізінің жағалау даңғылымен жүріп отырып, Польшаның порттарының үстімен, 5-мамыр күні Пермайя жеріне кіреді.

Уәлихан аға 1943 жылдың басынан Жеңіс күніне дейін жеткен бірден-бір барлаушы-корректировщик болды.

1946 жылы маусым айында аман-есен елге жеңіспен оралды.

Майдангер қайнаған ұрыс кездеріндегі ерліктері үшін 1944 жылы “Ерлігі үшін” медалімен, 1945 жылы желтоқсанда “Кенигсберті алғаны үшін” медалімен, 1946 жылы 9 мамырда “Даңқ” орденімен марапатталды.

Елге оралған соң 1946-1953 жылдары аудандық атқару комитетінде кадрлар секторының меңгерушісі, нұсқаушы, жалпы бөлім меңгерушісі

Донн
орден
мен
19 рр

қызметтерін атқарды. Одан кейін аудандық қаржы бөлімінде аға инспектор, Ленинградтағы финанс-экономика техникумын сырттай бітіріп, қаржы бөлімінің меңгерушісі болды.

1957 жылы қараша айында "Ленинизм" колхозында (қазіргі Жосалы ауылы) төраға болды. 1959-1961 жылдары мемлекеттік статистика аудандық инспекциясының бастығы, 1961-1963 жылдары Тасқудық совхозының партия комитетінің хатшысы, 1963-1967 жылдары Бұлдырты жұмысшылар кооперативінің төрағасы, 1967-1968 жж аудандық жоспарлау комиссиясының төрағасы, 1968-1971 жылдары аудандық мемлекеттік сақтандыру инспекциясының бастығы, 1971-1977 жылдары Жымпиты селолық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы, 1977-1985 жылдары аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі болып, 1985 жылы зейнеткерлікке шықты. Одан кейінде аудан басшыларының сұрауымен осы бөлімде инспектор болып 1990 жылдың тамыз айына дейін жұмысын жалғастырды.

Валихан Касмуханов ұзақ жылдардағы жемісті еңбегі үшін көптеген мадақтау қағаздарымен, марапаттауларға ие болды.

Мемлекеттік статистика қызметкерлерінің Алматы қаласында 1961 жылы сәуір айында өткізілген республикалық кеңесінде мақтау грамотасына ие болса, 1962 жылы Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің "Үлкен күміс медалімен" марапатталып, бағалы сыйлық алды.

1965 жылы Қазақ ССР-ы орталық тұтынушылар одағының, 1970 жылы қаржы министрлігінің құрмет грамоталарымен марапатталды.

Ардагердің есімі 1985 жылы облыстық "Еңбек даңқы" кітабына жазылды. 1982 жылы Орал облыстық кеңесі атқару комитетінің грамотасын алды.

Тізімдемеге 7 (жеті) сақтау бірлігі, 58 есеп бірлігі, соның ішінде 13 (он үш) фотосурет енгізілді.

Сырым ауданының құрметті азаматы атағына ие болған, өмір-өнегесі жас ұрпаққа үлгі, шежіре ақсақал Жымпиты ауылында бала-келіндерінің қолында, немерелерінің қызығына бөленіп, бақуатты өмір кешуде.

Мемлекеттік мұрағаттың Сырым филиалының директоры:



Ф.Рамазанов